

Қарнақ ауылы әкімі аппаратымен атқарылған жұмыстары мен 2019 жылы өкімдер және шешімдерді қабылдау барысында заңдылықтың сақталу барысына жүргізілген ішкі талдау туралы МӘЛІМЕТ

Кентау қаласы

8 қараша 2019 жыл

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабында белгіленген құзыреті шегінде және ауыл әкімі аппаратының Ержесіне сәйкес, Қарнақ ауылы әкімі өкім және шешім түрінде құқықтық актілерді қабылдайды. Ауыл әкімінің шешімдерін, өкімдерін тіркеу журналы тігіліп, мөрмен бекітілген. Ағымдағы жылдың 10 айында 62 шешім, 117 өкім қабылданған.

1. Қабылданған өкімдер мен шешімдерге құқықтық сараптама жүргізу барысында төмендегі кемшіліктер анықталды. Атап айтқанда:

- «Іс сапарға жіберу туралы» ауыл әкімінің 08.01.2019 жылғы №2 өкімінде, ҚР Президентінің 29.12.2015 жылғы Жарлығымен күші жойылған 10.03.2000 жылғы №357 және 11.10.2004 жылғы №1457 Жарлықтары басшылыққа алынған.

- Ауыл әкімінің 08.01.2019 жылғы №3 өкімімен мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары бекітілгенімен, аталған жоспар өкімге тіркелмеген. Сондай-ақ, осы аталған өкімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы өкімдерінде де енгізілген өзгерістер мен толықтырулар тіркелмеген.

- «Қарнақ ауылы әкімі аппаратының 2019-2021 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламасын бекіту туралы» 16.01.2019 жылғы №9 өкімінің 1-тармағына сәйкес бағдарламаның №№ 1-15 қосымшалары бекітілгенімен, аталған қосымшалар тіркелмеген және де осы өкімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы өкімдерінде де (22.04.2019 жылғы №44 т.б.) қосымшалары тіркелмеген.

- «Жауапты қызметкерді бекіту туралы» ауыл әкімінің 16.01.2019 жылғы №10 өкімінде Қазақстан Республикасының бірде-бір қолданыстағы заңнамалық актілеріне сілтеме жасалмаған. Сонымен қатар, аталған өкіммен аппараттың бас маманы М.Диметовке мемлекеттік сатып алу жұмыстарын атқару және жылдық жоспарды бекітіп, ВЭБ-порталға орналастыру жүктелген. Негіздемеге қызметтік қажеттілік және М.Диметовтың келісімі көрсетілгенімен келісімі тіркелмеген.

- «Жалақы сақталмайтын демалыс беру туралы» 01.02.2019 жылғы №11 өкімінде жалақы сақталмайтын демалыс беру нормалары белгіленген Еңбек кодексінің 97-бабына және лауазымдарды қоса атқару, қызмет көрсету аймағының кеңеюі және уақытша болмаған жұмыскердің міндеттерін атқару (алмастыру) кезінде еңбекке ақы төлеу туралы 111-бабына сілтеме жасалған. Алайда, аталған өкіммен тек аппараттың қызметкері Б.Низамов ақысыз демалысқа жіберілген. Ал, оның жұмысын жүктеу, қосымша ақы төлеу көрсетілмеген.

- «2018 жылдың жылдық есебіне арналған қаржы шаруашылық есебін бекіту туралы» 25.02.2019 жылғы №21 өкімде күші жойылған нормативтік құқықтық актілердің, атап айтқанда ҚР Үкіметінің 20.06.2011 жылғы №672

және ҚР Қаржы министрінің 27.03.2015 жылғы №248 бұйрығы басшылыққа алынған.

- «Қарнақ ауылы бойынша ауланған қаңғыбас иттер мен мысықтарды жою үшін комиссия құру туралы» 18.02.2017 жылғы №17 өкімінде, Оңтүстік Қазақстан облысының және басқа да елді мекендерінде қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидалары бекітілген ОҚО мәслихатының 26.06.2016 жылғы №3/32-IV шешімі басшылыққа алынбаған.

- «Міндеттеріне кірісу туралы» 25.02.2019 жылғы №22 өкімде, тек ҚР Еңбек кодексіне сілтеме жасалып және кодекстің жалақы сақталмайтын демалыс туралы 97-бабына негіздеп, дұрыс сілтеме жасалмаған.

«Міндеттеріне кірісу туралы Ш.Разанова» 30.04.2019 жылғы өкімінде де кодекстің жалақы сақталмайтын демалыс туралы 97-бабына негіздеп, дұрыс сілтеме жасалмаған. Сонымен қатар, аппараттың әлеуметтік қызметкері Ш.Разанованың ауыл әкіміне 29.04.2019 жылы жазған 2 өтінішінде баласына қарайтын бала күтушісі болуына байланысты бала күтіміндегі демалыстан 2 мамырдан бастап жұмысқа түсуіне рұқсат беріп, өкім шығаруды сұраған. Алайда, ҚР Еңбек кодексінің 100-бабының 4-тармағына сәйкес, бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс аяқталғанға дейін жұмысқа шыққан жағдайда жұмыскер жұмыс берушіге өзінің ниеті туралы жұмыс басталғанға дейін бір ай бұрын ескертуге міндетті. Ал, өтініш 29.04.2019 жылы берілген және ауыл әкімінің өкімі 30.04.2019 жылы қабылданып, жұмыскер міндеттеріне 2 мамырдан бастап кіріскен, яғни заң нормалары дұрыс қолданылмаған. Мағыналас кемшілік ауыл әкімінің «Міндеттеріне кірісу туралы Г.Нусратуллаева» 28.06.2019 жылғы №62 өкімде де орын алған.

- «Әлеуметтік қызмет көрсету ісіне алу туралы» барлық өкімдерде (26.02.2019 жылғы №20, 28.02.2019 жылғы №24 т.б.) басшылыққа алынған ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 26.03.2015 жылғы №165 бұйрығының атауы жазылмаған. Сонымен қатар, кейбір өкімдерде (18.02.2019ж. №14, 28.02.2019ж. №24, 16.08.2019ж. №87 т.б.) әлеуметтік қызмет көрсету ісіне алуға негіздеделер, яғни азаматтардың өтініштері, жолдамалар мен МӘСҚ (ВТЭК) қорытындылары т.б. тіркелмеген.

- Ауыл әкімінің 10.09.2019 жылғы №95, 09.10.2019 жылғы №106, 07.11.2019 жылғы №127 өкімімен азаматтар ақылы қоғамдық жұмысқа қабылданған. Алайда, өкім атауы «Ақылы қоғамдық жұмысқа қамту тәртібі туралы» деп дұрыс жазылмаған, яғни қолданыстағы заңнамаларға сәйкес ауыл әкімінің құзыретінде ақылы қоғамдық жұмысқа қамту тәртібін бекіту көзделмеген. Сонымен қатар, бірқатар өкімдерде (04.03.2019ж. №25, 05.03.2019ж. №27, 12.07.2019ж. №70 т.б.) жұмыспен қамту орталығының жолдамалары тіркелмеген.

- Ауыл әкімінің 11.01.2019 жылғы №6 өкімімен ауыл әкімі аппаратының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты бекітілген. Аталған өкімнің преамбуласында ҚР «жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының қала әкімінің құзыреті белгіленген 33-бабына сілтеме жасалған. Ауыл әкімінің құзыреті Заңның 35-бабында белгіленген. Сондай-ақ аталған стандарт аппарат қызметкерлеріне жазбаша таныстырылмаған.

2. 2019 жылдың 10 айында ауыл әкімі аппараты сот органдарында талапкер, жауапкер немесе үшінші жақ ретінде сот отырыстарына қатыспаған.

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясымен Қарнақ ауылы әкімі аппаратына Кентау қаласының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасының іске асырылуына және жекелеген бюджеттік бағдарлама әкімшілері бойынша бюджет қаржысының жұмсалыуына аудит жүргізілген. Жүргізілген аудиттің нәтижесінде 07.11.2019 жылғы аудиторлық есепке сәйкес, іс-сапар шығындары артық төленгені анықталған. Артық төленген сомалар жергілікті бюджетке өндірілген. Аудиторлық есеп қорытынды нұсқамасында көрсетілген іс-сапарға артық қаражат төлегені үшін және ҚР Бюджет кодексінің 67 бабы 12-тармағының талаптарын сақтамағаны үшін, ауыл әкімінің 07.11.2019 жылғы №125 өкімімен аппараттың бас маман-есепшісі Ф.Ирисбаеваға «Ескерту» түрінде тәртіптік жаза қолданылған.

3. Жеке және заңды тұлғалардан түскен арыз өтініштерді қарау барысында қолданыстағы заңнамалық актіде белгіленген мезімінен кешіктіріп жолдау жағдайлары орын алмаған.

4. Кентау қаласы әкімдігінің 04.09.2018 жылғы №304 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі Кентау қаласы бойынша 2018–2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының бірқатар іс-шаралары атқарылмаған. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды алдын алу жөнінде тиісті шараларды атқармау салдарынан, 2018 жылы 2 қылмыстық құқық бұзушылық факті орын алған. Осы орын алған заң бұзушылықтар назарға алынбай, 2019 жылдың 10 айында да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар тиісті деңгейде орындалмаған.

Талдау барысында аталған кемшіліктерді орындауға шұғыл шараларды қабылдауды ауыл әкімі мен жауапты маманға тапсырылып түсіндірілді.

Жоғарылардың негізінде талдау жүргізу барысында сыбалас жемқорлыққа жағдай туғызатын мән-жайлар анықталмады.

ҰСЫНЫМ

1. Алдағы уақытта заң бұзушылыққа жол бермеу, алдын алу шаралары профилактикасын үздіксіз ай сайын жүргізіп, семинар кеңестерді өткізу;
2. Құқықтық актілерді (өкім, шешімдер) дайындау барысында «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкестігіне және заңнамалық актілердегі баптарға жасалған сілтеме сәйкестігіне зерделеу жүргізу;
3. Бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын аппараттың қызметкерлеріне таныстыру;
4. Аппарат мамандарының орындаушылық тәртібін көтеру;
5. Бюджет қаржысын игеру барысында қолданыстағы заңнамалық актілер талаптарының сақталуын қадағалау;
6. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау барысында «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының талаптарына

